


2005

5972

Жумагүл СОЛТИЕВА

# КӨЗ ІЛМЕСЙДІ КӨНІЛІМ



**Жұмагүл СОЛТИЕВА**

**КӨЗ ІЛМЕЙДІ  
КӨНІЛІМ**

“Елорда”  
Астана – 2004

ББК 84 Қаз 7

С 64

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

С 64 **Солтиева Ж.**

Көз ілмейді көңілім. — Астана: Елорда, 2004. — 272 б.

ISBN 9965-06-366-4

Жұмагүл Солтиеваның бұл жинағы төрт бөлімнен тұрады. Оның алғашқы бөліміне жазушының көркем әңгімелері мен пьесалары топтастырылса, екінші бөлімінде автор өмірі өнегелі адамдар жөнінде сыр шертеді. Үшінші бөлім — өнер өлкесіндегі айтулы тұлғалар, мәдени өмірімізге қосылған тың туындылар өзек болады. Ал төртінші бөлімге сансалалы тақырыпта ой қозғайтын сыр-сұхбаттары еніп отыр. Автордың қалам қуатынан туған осынау шығармаларының қайсысы болса да талғампаз оқырман талабынан шығатыны анық.


С  $\frac{4702250200-319}{450 (05) - 04}$

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-06-366-4

© Солтиева Ж., 2004

© “Елорда”, 2004



*Бірінші дәптер*

ӘҢГІМЕЛЕР МЕН  
ПЬЕСАЛАР



## “РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА”

Бұл аудандық халық театрында ұзақ жыл режиссер болып қызмет атқарып, кейіннен зейнет демалысына шыққан Әліптің өкініштен көкірегі қарс айрылып жүрген шағы еді. Енді қайтсін, өмір бойғы арманы жұртты бір дүр сілкіндіріп, таңдай қақтыру болатын. Бірақ сол арманын іске асыра алмады. Бекер обалы не керек, халық театры өз қолында тұрғанда, жанталасып жүріп біраз дүниені сахнаға шығарды да. Оны қызықтаған жұрт дуылдағанымен, өз көңілі тұшынбады. Бір ерекше дүние қойсам деген қиял жетегінде жүргенде уақыт шіркін де бірте-бірте ұзай беріпті. Күндердің күнінде жастау біреуге орын босатуға мәжбүр болды. Арманы іште тұншығып қалғанынан да шығар, зейнеткердің таң атса күн батпайтын тірлігіне алғашында көндіге алмай жүрді. Үйге сыймай, түрлі-түрлі ой буып, өзіне де белгісіз бір қападан арыла алмағаны да есінде. Дегенмен өмірші уақыттың жазбайтын жарасы бар ма, бірте-бірте іштегі алау сөніп, көрілікті мойындай бастағаны сол, митың-митың тірлікке жегілген. Бүгін де еш нәрседен қаперсіз жалғыз сиырдың астын тазалап жатқан кезі еді. Алаөкпе болып, үйге танаурай кірген бір жігіт аудан әкімі шақырыл жатыр деген хабарды жеткізді. Мұның өмірде бар-жоғын ұмытып та кеткен басшыларға не үшін қажет болып қалдым екен деген оймен ол көптен бері киілмей тұрған костюмін иығына іліп, кеңсеге тартты. Міне қызық, аудан басшыларының төрт көзі түгел, мұны күтіп отыр екен.

— О, Әлеке, төрлетіңіз. — деп әкімнің өзі орнынан тұрып, төрге шақырды. Аз-кем амандық-саулықтан кейін ол әңгіменің төтесіне көшті. Әліптің ұққаны, ауданға жуырда бір топ қонақтар келмекші екен. Бұл елге арнайы келетін қонақтардың бар мақсаты — қазақы ауылды аралау, ел ішіндегі қарапайым адамдардың өнерін тамашалау корінеді.

— Біздің қазақтай өнерпаз халық жер бетінде сирек дейміз. Шындығында әу демейтін қазақ жоқ шығар. Ендеше, Әлеке, сізге еш қиындық түспейді. Бұл міндетті өзіңіз қолға алыңыз, — деді әкім. — Айтпақшы, баяғы өзіңіз басын қосқан өнерпаз топ тоз-тоз боп, тарап кеткен. Сіздің орныңызға келген бала да сұйықтау неме болып шықты. Естуімізше, қалада жүрген көрінеді. Осы күні екінің бірі алыпсатар болып кеткен жоқ па. Ол да сондай бірдеңемен айналысып жүрген шығар. Іздеттірін едік, таба алмадық. Содан кейін өзіңізге қолқа салып отырмыз, — деп бар салмақты бұған арта сөйледі. Әліп не десін, іші қылп ете қалды. Өйткені, көптен бергі көкпен тілегені жерден табылып тұр емес пе. Сонда да сыр бермей, жорта абыржыған қалып танытты.

— Апыр-ай, ө! Мен бұл істен қол үзгелі қашан, оның үстіне ауылда әу дейтін ешкім қалмаған сияқты ғой. Олардың бәрі жан-жаққа күнкөріс қамымен тарап кеткенін өзіңіз де біліп отырсыз. Жо-жоқ, бұл бір онбейтін іс, бекер ұятқа қалып жүрермін, — деді Әліп те нығырта.

— Әлеке, дұрыс айтасыз. Ұятқа қалмайық. Облыс басшылары өздері тапсырған мәселе болған соң ғой қиналып отырғанмыз. Әлгі шіркіндердің қажет болып қалатынын білгенде, аяғыңа кісен салсам да, ауылдан кете алмастай арқандатып қоятын едім. — Әкім шынымен қиналып тұрғанын аңғартып алды. — Жарайлы, Әлеке, осы бір қиындықтан құтқарып жіберсеңіз біз де сізді оқиелете қоймаспыз. Ендігі тізгін өзіңізде. Жаңа айттым ғой, бұл қазақтай өнерпаз халық жоқ деп, іздесеңіз ел ішінен әнші де, биші де, күйші де табылады. Тек не қажет екенін мына жігіттерге құлаққағыс етсеңіз болды. Бар өтініш сол, жат жұрттықтар тандай қағып аттанатын болсын. Осыны ұмытпаңыз, — деді тағы да. Бұдан әрі бөлесінудің жолы жоқ екенін іші сезген Әліп амалсыз келіскен ыңғай танытып, жұртпен бірге далаға шықты. Онашада істі неден бастауды өз қабырғасымен кеңесін алғанды жөн көрген. Әттең, болған мерзімі тым қысқа. Айналырған оншақты күннің ішінде әжептеуір ауыз толтыратыншадай іс тыңдыру оңай емес. Әрине, шетелдіктер алдында әу дейтін екі-үш адамның басын қосып, ырду-дырду жасап жіберсең жетпек ақ жатыр. Бірақ өзінің көңіл түкпіріндегі арманы мына әңгімеден кейін қайтадан бой көтеріп, осы сәтті пайдаланып қал дегендей жанын жай таптырмай келеді. Не.

бұған жат жұрттықтардың риза болуы бес тиын, шіркін өзі қоңілі толатындай бір дүние жасаса ғой.

— Ау, Әлеке, ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой. Қайдан келесің — деген дауысқа ол жалт қарап еді, Егізбай екен. Ол өзі сияқты зейнет демалысына шыққан шал. Кезінде әжептәуір қызмет істеген. Содан да болар, аттан түскелі бері өзінің үйкүшік болып қалғанына көндіге алмай жүргендердің бірі осы. Егізбайға көзі түскен сәтте-ақ Әліпке сарт етіп бір тосын ой орала кетті. “Ә, таптым, таптым, — деді ол іштей. — Бұл жолғы мәселенің шешімі солқылдаған жастардай емес, мына сияқты көрі-күртаңда. Сол шетелдігің де, өз көрерменің де еріксіз қол соғатын дүние жаңында жүр екен ғой. Оны алыстан іздеп нең бар”. Ол Егізбаймен асығыс қоштасты да кері бұрылды. Әкімнің тек не қажет екенін еске салсаңыз болды деген сөзі есінде. Сол екпінмен әкімнің орынбасарының біріне кірді де, бүгін үйіне біраз жұртты жинайтынын айтып, бір қой әкеп тастауды қадағалай тапсырды. Ол да бір мың болғыр екен, бұйымтайын лезде жеткізіп те жіберді. Бұл қойды сойғызып, етін қазанға салдырды да, қалған шаруаны қатынына тапсырып, өзі көшеге шықты. Жай шықпады, өзі қоңілге дйттеген біраз адамды кешке қарай дәм татуға шақыра келді.

Малды жайғаған соң, әлгі шақырған кісілері де Әліптің үйіне жиналды. Күн жаз, ет аз деген ғой, қызылсырап жүрген кемпір-шалдың сорпа ішіп, терілері кеніді-ау деген сәтте Әліп дйттеген ойын ортаға салып та үлгерді.

— Бүгін маған әкім сендермен сөйлесуді тапсырды. Әзірге құдайға шүкір, тұғырдан түсіп отырған жоқсындар. Несі бар, біз де бір серпіліп қалайық. Естуімше, шетелдің кемпір-шалы бала-шағаның азабынан құтылған шақта құтыратын көрінеді ғой. Олардан біз кембіз бе. Мана әкім осыны да баса айтты. Шөп шабатын едім деп алаң болмасын, ойынға қатысқандардың бөрінің малына қажет жем-шөпті үйіне түсіртіп берем деді. Сендерге одан артық не керек. Арақ ішіп, көше таптап жүрген жастарға мұның өзі де онеге емес пе. Міне, аты-жөндеріңді қағазға каттап қолыма беріп отыр, — деп ол алақандай оқушы дәптеріне жазған тізімді жұрттың алдына тастады.

— О, ол кісі ешқайсымызды да қалдырмапты ғой, тіпті мына Ысқақты да ұмытпапты, — деді Алдасүгір таң қалып.

— Е, неге ұмытсын, ел басқарып отырған адам ғой. Бұл шалдың әлі жыны қайтпағанын білетін болар, — деп

Сәнбүбі ортаға өзін тастады. Сол-ақ екен бірін-бірі қажалаған шал-кемпір негізгі әңгімені ұмытып, бос сөзге тізгін берді.

— Қазіргі жағдай белгілі. Көптен бері зейнетақыларын ала алмай жүр. Көңіл-күйлері бола қояр ма екен деп ем, бәрі өздеріне байланысты. Кім бұл ойынға қатысса, көп ұзатпай соның тиын-тебендерін бергіземін деп отыр. Тек ертеңнен қалмай бәрің біздің үйге жиналатын болыңдар. Рас, бөлген уақыты тым тығыз. Егер осы уақыт аралығында бір нәрсе шығара алсақ, онда бастықтарға қашанда сөзіміз өтімді болады. Әйтпесе, ізәләтір қой құсатып бізге мүлдем көңіл бөлмей қояды, — деген Әліптің сөзінен кейін отырған жұрт әжептәуір ойланып-ақ қалды. Екі-үш айдан бері қолға тимей жүрген зейнетақыны алу өздеріне байланысты болған соң амал бар ма, ақыр соңында бәрі бір кісідей ертең осы үйге жиналатын болып пәтуаласты.

Жұрт тараған соң Әліп сөреден бірқатар кітапты алып, ондағы пьесалар жинағын бір сүзіп шықты. Сүзіп шыққаны болмаса, бұл пьесалардың бәрі де оған таныс дүниелер. Солардың ішінен осы ыңғайға келеді-ау деген бір-екеуіне ен таққанымен, оған көңілі құрғыр көнетін емес. Қой, “құласаң нардан құла” деген ғой, айды аспанға шығарып, ауызды “Ромео мен Джульеттаға” салса қайтеді. Осы-ақ екен, бұл ойына өзі қызығып, шырмауынан шыға алмай қалды. Мұның қызығы, Ромео мен Джульеттаны кемпір-шалдың ойнайтыны ғой. Мұндай ойынды ешкім ешбір елден көрген жоқ, деп өзіне-өзі риза болып тосегіне қисайды.

Көп болса жұрт алдында әу деп ән салатын шығармыз деді ме, ақша алуға ынталы кемпір-шал ертесіне айтқан мезгілде түгелдей жиналғанымен, “Ромео мен Джульеттаның” хабарын естігеннен-ақ ұнжырғалары түсіп сала берді. Әрі-беріден соң көнбеске амалы бар ма, бірақ рөлдерді бөлісу тіпті қиынға түсті.

— Құрсын, бала-шағам не дейді, бетім-ай, елге күлкі болар жайым жоқ. — Етегін қағып тұра қашқан кемпірлерге ертеңгі алар зейнетақысынан қағылатынын еске салып жатып Әліп зорға қайырған.

— Әй, сендер ауылдан ұзап шығып көрмеген кешегі сауатсыз кемпір-шал емессіңдер ғой. Құдая тоба, мектепте оқыған адамсыңдар, тіпті жоғарғы білім алып, қызмет істегендерің де бар. Соның бәрі кеше ғана емес не еді



Ендеше, бетті бастым, тұра қаштым дейтіндей сендерге не болды, — деген Әліптің сөзінен кейін “е, солай еді ғой” дегендей, бәрі еңселерін тіктеп, қарт режиссердің жанта-ласа айтып жатқан әңгімесіне құлақ түрді. Бұдан кейін Ромео мен Джульеттаның кім екенін түсіндіру көп қиынға соқпады. Алайда бәрінің де қос ғашықтың өзінен гөрі айналасындағы біреулердің рөлін ойнағысы бар. Әрі тартқылап, бері тартқылап бір мәмілеге келе алмаған соң, осы спектакльді қос ғашықсыз-ақ қойсақ деген ұсыныс түсіп жатты. Құдай-ау, Ромео мен Джульеттасыз ойнайық деген не сұмдық. Қаны басына тепкен Әліп әңгімені әр саққа жүгірткен жұртты тыныштандырып, құрдасы Егізбайды алқымға алды.

— Өй, сенің сырт бейнең Ромеоны ойнауға келіп-ақ тұр. Жас кезінде ол шіркін сенен асып кетпеген шығар, — деген сөзге ол байғұс кәдімгідей-ақ жайылып түсті. Бір жағынан бұл сөздің де жаны бар. Жас кезінен бойға сіңген әдеті ме, өзгеге қарағанда Егізбайдың киім киісі әлі де жинақы. Сақал-мұрты да сапсиып тұрған жоқ. Қаладағы балаларынан ауысқан киім-кешекті тастауға обалсына ма, өзіне шағын киіп алып, құнтыып шыға келетіні тағы бар. Оған өзінің баяғыда театр оқуына барғысы келгенін, бірақ ауылдағы кемпір-шалды кім бағады деп қарайлап қалғанын айтып, анда-санда өкініп отыратынын қоссаңыз, Егізбай шындап кетсе, Ромео болғалы-ақ тұр. Бірақ қырсыққанда Джульеттаны ойнайтын адам табылмай-ақ қойды. Бәрі стегіне шоқ түскендей, тулап көнер емес. Олар Әліпке сыралғы адамдар ғой. Байқайды, іштей бұл рөлді ойнаудан кет әрі емес. Бірақ елдің сөзінен, бала-шағасынан қысылып отырғанын іші сезіп тұр. Ақыр соңы сол сезім басым түсті, Джульетта бұл топтың ішінен табылмады. Тіпті болмаған соң Әліп өзінің әйеліне тоқталды. Ол қанша дегенмен режиссердің әйелі ғой, кейісе де, күйеуінің мүшкіл халін көріп аяды ма, келісімін берді. Ал басқа рөлдерде ойнайтын адамдарды табу қиынға түскен жоқ. Көңіл демдеген Әліп олардың әрқайсысына өз рөлдерінің сөзін жаттауды тапсырды.

Жұрт тарағаннан кейін ол өзінің өлден-ақ салдырап, шаршап қалғанын сезінді. Құдай-ау, ғұмырында дәл осылай киналып көрмеген шығар. Мына топты өртіс жасаудан гөрі оған қасқырды қолға үйрету әлдеқайда жеңілдірек сияқты көрінген. Тіпті өзінің осы істі

бастағанына, әсіресе, “Ромсо мен Джульеттаны” сахнаға шығарсам деген ойына өкіне бастаған. Бірақ, енді қанша өкінсе де кеш. Амал жоқ, ол ертесіне жұмысына кірісті. Өстіп ақ тер, көк тер болып жатқанда, бір топ шабарманын ертіп, мұның жұмысын коруге әкімнің өзі келсін. Тәңір жарылқағыр, Әліптің бұл ісіне дем бергісі келді ме, салған беттен жиналғандардың бәрімен шұрқырай амандасып, тап бір келісіп алғандай, Әліптің айтқанынан айнытпай жұрттың бәрін уәдеге қарқ кылып тастады. Жеме-жемге келгенде мұның бәрі еріккеннің ермегі емес, нағыз ұлттық намыс екенін, оған әркімнің де өзін жауапты сезінуі қажеттігін айтуды да ұмытпады. О тоба, әкімнің аузының дауасы бар ма, әйтеуір осы әңгімеден кейін Әліптің жұмысы едәуір жеңілдеп сала берді. Өткендегідей емес, жұрт кәдімгідей ынталанып, мұның аузын бағуға айналды. Әліптің де осы тірлігінің енді еш кетпейтініне көзі жетіп, көңілі орнына түсе бастағаны сол еді, қас қылғандай Джульетта болып ойнайтын өз кемпірі ауырып, аяқ астынан ауруханаға түсіп қалған. Бұл аз болғандай бүгін таңертең Ромсо — Егізбай да ешнәрсе айтпастан Астанадағы баласына кетіпті. Әліп енді шындап тықырын бастады. Уақыт болса таяп қалды. Кемпір-шалға мұның күйінгені не керек, малын өріске айдап, шай-пайын ішкеннен кейін ойынға қатысы бары да, жоғы да немерелерін жетектеп, әзірленіп жатқан жана қойылымды қызықтап қайтуды әдетке айналдырып алған. Тым күрмаса, тыныш та отырмайды. Монтекки мен Капульеттидің арасындағы ескі араздықты “әртістерге” ұғындырамын деп Әліптің әлек болып жатқанымен де ісі жоқ.

— Әй, сол Монтекки мен Капульеттидің аргы тегі зәлі қазақ шығар. Бір-бірімен қырқысудан қазақтап озар ешкім жоқ. Кім біледі, Монтеккинің — Монтай, ал Капульеттинің — Қапалбек пе екен. Мұны жазған адамның тілі келмей, аттарын осылай бұра салған болар — деп тап бір тауып айтқандай мәз болатынын қайтерсің. Оған Әліптен басқаның бәрі шуылдай қосылып, қызды-қыздымен біраз жерге барады. Онсыз да шеке тамыры тырысын тұрған Әліп мұндайда күйін-пісіп “Осы жерге сендерді кім шақырды, көне тарандар” деп басы артық адамдарды кәдімгідей айып шығатын. Бірақ оның сөзін құлағына қыстырып жатқан ешкім жоқ. Ертесіне тағы да осы маңға жиналады. Әліп бүгін де оларды қуып салуға ыңғайланғаны сол еді, ойнау

шеттегі сәкіге жайғасқан бір әйелге көзі түсті. Жаулығы да, киім киісі де мына ауылдағы салпыетек кемпірлердей емес, жинақы. Жинақы деген жай сөз-ау, тіпті ақ шатырдай болып үлбіреп отыр. Өткенде Кемпірбайдың әйелі үйінің қасына алыстан сіндісін көшіріп әкеліпті деп естіген. Дәу де болса соның өзі болды ғой. Неге екенін кім білсін, Әліп оны бір жерден көргендей әсерде болды. Бірақ, есіне түсіре алмады. Оны қайдан көрдім деп ойлап жатуға уақыт қайда, көзі түскен мезетте-ақ Джульеттаны енді таптым-ау деген ой басына келген еді. Сол ой дегбірін алғаны сонша, әй-шайға қарамай, әлгі әйелге өлердегі сөзін айтып жалынсын келіп.

Бір ғажабы, мұны үн-түнсіз тыңдаған кемпір кейбіреулер құсап кергімей, тез келісімін берді.

— Жә, замандас, сонша таусылғаның не. Несі бар, көрейін. Тек жаңа көшіп келіп жатырмын. Отын-су түсіріп беретін болсаң, мен дайын, — деді ол. Джульеттаны тауып, көңіл демдеген Әліп Ромеоны енді өзі ойнауға бекінді. Әйелдің аты Мәрзия екен. Өзі ұғымтал ма, жоқ әлде неше күннен бері Әліптің сөзі құлағына сіңіп қалған ба, әйтеуір айтқаныңды екі етпейді. Пьесаның сөзін де қиналмастан тез жаттап ала қойыпты. Бірақ сахнада қимылы баяу. Ромео — Әліп қанша үздіксе де, Джульетта — Мәрзия аса елпете қоймады. Өзіне тапсырылған рөлдің сөзін сезімсіз, сыдыртып айтып шығудан аспаған. Басқа амалы болмаған соң, Әліп оған да көнді. Мейлі ғой, қазақтың шал-кемпірін көндіріп, Ромео мен Джульеттаны ойнатудың өзі де бір ерлік емес пе деп көңіл тоғайтқан.

Сонымен күткен күн де келіп жетті. Аудан орталығындағы Мәдениет үйінде ине шаншатын бос орын жоқ. Бәрі де сахнаның ашылуын асыға тосып отыр. Әліп кеше әртістерге халық театрының қоймасында умаждалып жатқан киім-кешектен осы жарайды-ау дегендерін іріктеп берген болатын. Соны жуып-тазартып, үтіктеп киіп, мүмкіндігінше беттеріне бояу-сояуын жағып шыға келгенде, олар мүлдем өзгеріп сала берді. Осы мен бе дегендей “әртістер” жаңа-тармағай айна алдына үймелесіп қалыпты. Енді бірер сәттен кейін сахнаға шығатындарын да ұмытып кеткендей. Оны көрген Әліп жұртты төртіпке шақырып, кімнің кімнен кейін сахнаға шығатынын тағы да ескертіп, оларға алысқа ұзамай, осында болу қажеттігін қайта-қайта айтумен болды.

Міне, аудан басшылары да келді. Әліп бір-екі бейтаныс әйелден басқа олардың қасында бөтен ешкімнің жоқтығын көріп, әлгі шетелдіктері келмеген бе, мұнысы қалай деп қобалжыңқырап-ақ қалып еді, алайда әкімнің өзі әлгі әйелдерге жол беріп, орын сайлап жүргенін көріп, е, дәу де болса күткен адамдары осы болды ғой деп көңілін демдеді. Өзі де бір сәт үсті-басын оңдап алуды ойлап, айна алдына таянған. Ойпырмай, сахна шіркінде адамды мүлдем өзгертіп жіберетін бір құдірет бар-ау. Қанша шаршап-шалдығып жүргенімен, Әліптің өзі де бір түрлі жасаңқырап, қутың қағып кеткендей. Өзіне-өзі мейірлене көз салып тұрғаны сол еді, сонау жерде мұның әр қимылын біреудің қалт жібермей бағып тұрғанын сезінді. Жалт қарап еді, Джульетта — Мәрзия екен. Бұл неге соншама тесіле қарап тұр деп ойлап та үлгермеді, сарт-сұрт соғылған шапалақ дауысы көңілін бөліп жіберді. Бұл спектакль басталды деген сөз.

Сценарий бойынша ең алдымен ортаға әкім шығып, қысқаша сөз сөйлеуге тиіс болатын. Әліп сахнаға көз салып еді, әкім ортаға шығып та үлгерді. Оның не айтқанын тыңдап жатуға уақыт қайда, Әліп алғашқы көрініске шығатын әртістері — Монтекки мен Капульетти тобына соңғы ақыл-кеңесін айтумен әуре болып жатты.

— Сөздерінді ұмытып қалсаңдар, сілейіп тұрып қалмаңдар, анау тұста тексті естеріңе салатын адам отырады деп бір айтқан сөзін мың айтып, аузы тыным табар емес. Бекер обалы не керек, Монтекки тобы да, Капульетти жағы да қамшы салдырған жоқ. Әшейінде есігін күзетсең де дидарын көре алмай қайтатын бастықтың өзі қолнаштан отыр ғой, біз де аянып қалмайық деді ме, бәрі де өз рөлдерін ынта-шынтасымен ойынан жүр. Тіпті айтар сөзін ұмытып қалса да бөгелін қалмай, айғайға аттан қосып жүргендері де бар. Бірақ жұрт оған қарап жатқан жоқ. Бәрі мәз мейрам. Тіпті сол Монтекки мен Капульеттинің де өз жайына қалып, сахнада пьеса сөзіне еш жуықтамайтын, оңда да тек қазаққа тән сөз сайысы жүрін жатыр. Әсіресе екі жақты аңдысуы соншалықты табиғи әр алып әр көрініс бір-бірімен жымдасып жатты. Несін айтасыз “Ромео мен Джульеттаның” тап осындай нұсқасын әлемнің ешбір театрынан кездестіре алмайтыныңыз анық. Сахна сыртынан осы көріністерді бақылап тұрған Әліп қуанырын да, ренжірін де білмей дал болып тұр. Бір кезде сахнаға

Мәрзия екеуінің шығатын кезегі келіп жетті. Қызықтың көкесі сапырылысқан жұрт арасынан Ромеоның Джульеттаны іздеуінен басталды. Мәрзия үріккен танадай өзіне одырая қараған сәтте Ромео сөзінен жаңылып, Джульетта деудің орнына Мәрзия мен сені сүйемін, сенсіз маған өмір қараң деп алдына тізесін бүгіп отыра кеткенін өзі де аңдамаған. Сол-ақ екен Джульетта — Мәрзия ернін сылп еткізіп “Әй, құдай сыйлағыр, сен өзің не айтып тұрсың” дегенін қайтерсің. Өзінің де, Мәрзияның да бүлдіргенін іші сезіп тұр. Бірақ бөгелуге болмайды.

— Көз алдымнан кетпейсің, сені көргелі бері ынтықтығым күннен-күнге артып барады, деген Ромео — Әліп Джульетта — Мәрзияға жақындай беріп — кішкене тірілсейші, тым болмаса баяғыда біреуге ғашық болған шағынды есіңе ал, — деп сыбыр ете түскені сол еді, Джульетта оны да өзінше түсінді.

— Әй, Ромео, жетер, сен маған ғашықтықтың не екенін үйретпей-ақ қой. Біз де ғашық болғанбыз. Сен ұмытқаныңмен, мен ұмытқам жоқ — деген күйі Мәрзияның бері бұрылудың орнына әрі қарап кете барғанын қайтерсің. Тексте дәл осылай қарастырылмаса да оның артынан ермеске Әліптің шарасы қалмады.

— Джульетта, ынтығым менің...

— Жә, көлгірсіме. Бұл сөзді айтар кезің өтіп кеткен. Шолақсайда бір отар қойды бағып қалған сәтті сен ұмытқан екенсің.

Абырой болғанда сахнадағы у-шу, музыка үні екеуінің арасындағы осынау диалогты жұртқа естіртпеген тәрізді. Өне, ортаға енді басқа әртістер шықты. Әліп Мәрзияны көзімен іздеп, бара тиісуге оқталған. Мәрзия да өзін күтіп тұрғандай оңаша тұр екен. Әліптің өзіне қарай тіке тартқанынан не айтқысы келгенін сезді ме, ол да екі көзін айырмай қадала қарап қалыпты. Қырық жыл қырғын болса да, адамның көзі өзгермейді деген рас екен-ау, екеуінің жанары түйісе кеткен сәтте Әліптің есіне осы әйелді қайдан көргені орапа кетті. Ойбай-ау, мынау әлгі Мәрзия екен ғой еді ол өзіне өзі. Иә, күмән жоқ, бұл сол Мәрзияның өзі. Әлгінде. Шолақсайда бір отар қойды бағып қалғанымыз қайда деген сөзі де енді еске түсіп отыр. Онда Әліп те. Мәрзия да жас болатын. Әліп сол жолы аудан атынан мал голдегу науқанына орай осы Мәрзияның отарына уәкіл болып барған еді ғой. Мәрзия апа-жездесінің қолында

көмекші шопан екен. Бүгінгідей бара салып, жағдайды біліп қайта қоюға мүмкіндік қайда. Көктемнің кокозек шағында алыстағы мал отарын көруге барған Әліп сол сапарында едәуір аялдап қалды. Мәрзияның апасы сол жолы аяқ астынан толғатып, оны дәрігерге жеткізу керек болды. Жағдай айтып қиылған шопан өтінішін жерге тастай алмай, Әліп оған астындағы атын амалсыз түсіп берген. Қас қылғандай, сол түні қар аралас жаңбыр жауып, ұзақ таңға жана туған жас қозыларды Мәрзия екеуінің жылы үйге тасып шыққандары қайда. Несін айтасың, әлгі шопан сол кеткеннен мол кетті. Көлігі жоқ оқіл қайда барсын, Мәрзия дайындаған жылы-жұмсақты жеп алып, бас көтерместен ұйықтайды. Келіншек көп сойлемейтін жан екен. Бәрін де үн-түнсіз тындырып, бәрине де үлгеріп жүр. Жалғыз әйелге бар шаруаны арқалатып қоюға Әліптің де дәті бармай бір мезгіл көмектескен болады. Соның өзіне-ақ кешке шаршап құлап түседі. Ал Мәрзияда тыным жоқ. Түнде қой күзетіп, жана туған төлдерді үйге кіргізіп, оларға емізікпен сүт беріп, малға шөп салып, суарып, қойшы әйтеуір, оншақты адамның жұмысын бір өзі-ақ еңсеріп тастайды. Ара-арасында үйінде шалжынып жатқан бұған да шай дайындап үлгереді. Дастархан басында назар салса, Мәрзия әп-әдемі келіншек екен. Сөзге тартып еді, тартқыншақтап, аса көп шешіле қоймалы. Дегенмен, там-тұмдап айтқан сөзінен ұққаны, Мәрзияның күйеуінің қайтқанына да біраз болыпты. Бала да қалмаған. Содан амал жоқ, апа-жездесін паналап, оларға көмекші шопан болып жүр екен. Мұның өзі де жездесі толғатқан әйелін алып, ойдағы елге кеткен күні, малмандай су болған киімдерін құрғатып отырғанда айтқан сөз еді. Шындығында, осы бір бейнетті түн екеуінің арасында әлдеқандай бір жылылық оятқан. Бұған дейін Әліп Мәрзияны осы да адам баласы-ау, мұның да көңіл түкпірінде айтылмаған арман жатыр-ау деп ойлап та көрмеген. Малдан басқа ойы жоқ, көп салпынетектің бірі шығар деген де қойған. Сөйтсе, Мәрзияның көкірегі тұнған ой екен. Әрине, оны болісу ойында да жоқ шығар. Бірақ іштегі аһ ұрған жалынның сыртқа қалай шығып қалғанын өзі де аңғармай қалған тәрізді.

— Апырай, сенің әлгі жезден кешікті ғой. Аман болса игі — деді. Әліп шопанның қара тонына оранса да сүйегінен өткен суықтан әлі де жылына алмай қалып-қалып

еткен күйі. Мәрзияның үсті де малмандай су ғой, бірақ Әліп құсап ол дірдектеп отырған жоқ. Әлгінде бір қағаберісте киім-кешегін ауыстырып үлгерсе керек, үй-ішінде күйбендеп, тіршілігін істеп жүр. Әліп оны естімей қалды деді ме, тағы да әзілге шаптырып:

— Жездең малды саған, сені маған тастап, қалай тыныш жатыр. Әлде әйелі аман-есен туып, әйде тойлап жүр ме екен, — деп еді, Мәрзия оны тағы естімеген қалып танытты. Ыстық шайды алдыға әкелді де:

— Кәне, дастарханға жақындаңыз. Ыстық шай ішсеңіз, лезде-ақ жылынып кетесіз, — деген ол қойдың сүтін қосқан қою шайды мұның қолына ұстатты. Әліптің кесені ала беріп, бір аңғарғаны, Мәрзияның қолы ып-ыстық екен. Расында да екі-үш кесе шайдан кейін-ақ мандайы тершіп, денесі манағыдай емес, жылынайын деді. Қанша дегенмен еркек деген аты бар ғой, Мәрзияның әлгінде айтқан әзіліне жауап бермегені есіне түсіп, қайткен күнде де оны сөйлетпек болып, тағы да қалжыңға басты.

— Мәрзия, бір сәт тыным алып, жаныма отыршы. Жоқ әлде қорқып отырсың ба? — Бұл әзілін де Мәрзия іліп әкете қойған жоқ. Ауызғы бөлмедегі маңыраған жас қозыларға беретін сүтті жылытып, күйбендеп жүріп алды. Неге екенін кім білсін, тоң-торыс мінез көрсеткеніне іштей кектеніп, оны қайтсе де сөйлетуге Әліп те жан сала кір-іскен қалпы бар.

— Мәрзия-ау, байқаймын, жезденнің бүгін де келмейтін түрі бар. Мына ку далада екеумізден басқа тірі жан жоқ... — деді ол үйге кіріп-шығып жүрген келіншектің артынан дауыстай.

— Ойпырмай, өкіл деген атыңыз бар. Бүйтіп бос сөзге тізгін бергенше, есте қалатын есті әңгіме айтсаңызшы. Егер айта алмайтын болсаңыз, онда ұйықтап алыңыз. Келіншек осы бір-ақ ауыз салмақты сөзімен Әліптің пысын басып тастады. Сонда да болса, қарап қалмай:

— Е, тындасаң, айтар сөз жетеді ғой. Өзің таңда, оқығанымды айтайын ба, жоқ әлде өмірден тоқығанымды айтайын ба — деді ол.

— Өмірден не тоқығаныңызды қайдан білейін, алдымен оқығаныңызды айтыңыз. Келіншек өзіне жүзі жадырайі қарап еді, Әліп осыған-ақ қанаттанып бұл әйелді қайткенде де таңқалдырғысы келіп, өзі оқыған кітаптардағы уақиғаларды әңгімелеген болып еді, мына қызықты қараныз.

оның бәрі Мәрзияға таныс болып шықты. Эпостық жырлардың қайсыбірін тіпті жатқа да біледі екен. Ойбай-ау, енді бұған не айтып берсем екен деп іштей қарманған сөтте есіне осы “Ромео мен Джульетта” түсе кеткен. Мәрзияның бұл әңгімесін ықыласпен тыңдап қалғанына қарағанда, білмейтін болғаны ғой деп қуанғаны ма, уақиғаны өз жанынан әрлеп, әсірелеп айтып шықты.

— Бұл шығармамен техникумда оқып жүргенде танысқаным бар. Өмір сүрген ортасы бөлек болғанымен, бұл дүние біздің “Қозы Көрпеш — Баян Сұлу” жырымен үндес шығарма. Сіз өте әсерлі әңгімелей біледі екенсіз. Талай-талай жайттар еске түсіп, жан жарамды тырнап кеткендей болды. Келіншек ауыр күрсініп, жүрелей отырған қалпында бір сәт ойға батты.

“Ау, мен мұны алдындағы қойдан басқа ешнәрсемен ісі жоқ біреу десем, өзі техникумда оқыған көзі ашық адам екен-ау. Онда мұнда неғып жүр”. Әліптің оны жақынырақ білгісі келді.

— Мәрзия-ау, осының бәрін мен жайдан-жай айтып отырғаным жоқ. Ромеоның ынтықтығы маған да ауысып тынды білем, — деді ол орнынан тұра берген келіншектің қолына жармасып.

— Қой, Ромеоны қайтесіз. Әліп болып-ақ жүре беріңіз.

— Е, неге, Ромео да мен тәріздес жігіт шығар. Одан менің қай жерім кем?

— Кем емес, бәлкім, артық шығарсыз. Бірақ Ромео емессіз.

— Апыр-ай, неткен қатал адамсыз. Сонда Ромео болуды маған қимағаныңыз ғой.

— Ту, көңіл қалауыңыз сол Ромео болса, бола қойыңызшы. Келіншек, сыңғырлай күлді де:

— Енді сізге Джульеттаны қайдан табамыз?

— Өзің ше?

— Мен бе?

— Иә, сен.

— Қызық екен.

— Қызықтың көкесі алда. Ертең жездең келгенде скеуміз жарасып отыратын болдық. — Жігіт одан әрі өз сөзіне өзі есеп бермей, әр нәрсенің басын бір шалып, Мәрзияға ықыласы ауған ыңғай танытты. Осының бәрін үнсіз тыңдап отырған келіншекке бір кезде Әліптің көзі түсіп кетіп еді, ол жылап отыр екен.



— Оу, Мәрзияш, саған не болды. Жоқ әлде мен бірденені бүлдіріп алдым ба, — деді ол саскалақтап.

— Жоқ, Әреке, о не дегеніңіз. Қайта іштегі құсадан бір арылып қалғандай боп тұрмын.

— Онда неғып...

— Е, қай-жайдағы еске түсіп жатыр ғой. Техникумда оқып жүргенде маған бір армандай жігіт ғашық болып еді. Менің де оған ерекше ықыласым ауды. Кейін сол жігітке тұрмысқа шықтым. Басымның айналып қалғаны сонша, оқуымды бітірмей-ақ етегінен ұстап, ауылға қайттық. Көп ұзамай ол әскерге кетті. Содан күні бүгінге дейін хабарсыз. Өлді деген қағаз келген жоқ, бір жерде тірі жүрген шығар деп ешкімге мойын бұрмадым. Уақыт өте берді. Содан қаңқиып, жалғыз қалғанымды бірақ білдім...

Осы тұсқа келгенде бір сәт үнсіз қалған Мәрзия осыны неге айтып отырмын дегендей малға қарау қажеттігін сылтаулап, сыртқа беттеген. Міне, осыдан кейін онымен кетер-кеткенше қайта тілдесудің еш реті келмеген. Әліп қанша сөзге тартса да, шаруасы шаш-етектен екенін айтып, сытылып шыға береді. Сөйтіп жүргенде, екі езуі екі құлағына жетіп, жездесі де жетті. Әйелі аман-есен босанып, ұл туыпты. Қазір ойдағы ауылда, бала-шаға мен кемпір-шалдың қасында қалыпты. Бұдан әрі Әліп қайдан бөгелсін. Ертеңгілік аттанып кетуді ойлаған. Жездесінің неше күннен бері шаршаған шығарсын, бүгінше демал, — дегеніне қарамай Мәрзия мал қорадан бері аттап шықпай қойған соң, Әліп үн-түнсіз кетіп қалудың ретін таппай, қошта-сайын деп қасына барып еді, ол әлдеқандай мұңды әуенді ыңылдай әндетіп отыр екен. Сол әуенгі едәуір сәт қыбырсыз тындап тұрған Әліп бір кезде “Ау, Джульетта, бір сәт мына Ромеоға мойын бұрсаңызшы” деп қасына дауыстай таянғаны сол еді, Мәрзия еш асып-саспады. Бейнебір мұны күтіп отырғандай “Ромео, сен ертең таң қылаңнан аттанасың. Оны білемін. Соның алдында өзіңе бір қолқа салсам деп отырмын”, — деп айдың жарығымен мұның бетіне бажайлай қарады. Әліп те құлағым сенде, айта бер дегендей қалып танытқан.

— Әліп, кешелі бергі әзіл-қалжының да әйтеуір атым еркек еді ғой деуің екенін жақсы білемін. Есті жігіт екенінді де ішім сезеді. Мені сөкпе, — деген ол өзінің ана болғысы келетінін, бұл арманына жете алмағанын, отағасынан бала қалмай сорлап қалғанын жіңке тізгендей айтып өтті. Әліп

қанелімде оның не айтқысы келгенін ұға алмап. Жетпеймін. . . боп отыр еді, соны байқаған Мәрзия “Жә, мен жеңілтек біреу емеспін. Отағасым тірі болса, бұл сөзді айтқаннан өлгенім артық еді. Менің қолқам сол, соның аты-жөнін иеленер бір шарана көргім келеді. Қорықпа, саған еш міндет артпаймын. Тіпті сенің бұл өмірде бар-жоғыңды да еске алмауға уәде беремін”, — деп әр сөзіне салмақ сала шегелеген. Әліп әңгіме барысын енді ұғып, әйелдің бетіне назар тігіп еді, ол қараңғыда отырса да екі қолымен бетін басып алыпты. Шыны керек, Әліп әйелдің жайын бір адамдай-ақ түсініп отыр. Тіпті оның сөзін әбестікке де жорымады. Бірақ арадағы ыңғайсыздықты жуып-шайып жіберетін حرکتке де бара алмайтынын сезінді. Рас, үйінде өзін екі көзі төрт болып күтіп отырған әйелі бар. Бұл да ешнәрсе емес-ау. Кеше ғана коммунистік партия қатарына қабылданған жоқ па. Сол партия сенім білдіріп, өзін осында уәкіл етіп жіберіп отыр. Ертең бір сөз шығатын болса, сол партия не дейді. Жо-жоқ, мұндай желөкпелікке бұл бара алмас. Құдай-ау, менен басқа бұл маңда еркек жоқ па, таңдауының маған түсуі қалай деген ойға келгені сол еді, Мәрзия оны да қалт жібермеді.

— Егер шынымды айтсам, осындай ой басына бүгін тұңғыш рет келіп отыр. Оның үстіне күйеуімнен басқа адамды осы еркек-ау деп қарап та, ойлап та көрмеңнің... Жә, жарайды, тоңып қалған шығарсыз, бұл әңгіме осымен тынсын, — деген ол, қолындағы ондық шамды алып, жас төлдерді бір қарап шығуға ыңғайланған қалып тапшытты. Әліптің де күткені осы еді, ол да кері бұрыла берді. Алайда ұзақ түнге көз іле алмай, өзімен-өзі айтысып, ақыры партияға адалдық үстемдік алып, таңға қарай ғана көзі ілінген. Ояна келсе, едәуір уақыт болып қалыпты. Оразасын ашып, атқа қонған Әліп Мәрзияның үйде болмағанына қуанған. Тіпті желе-жортып келе жатып, қыр астында, өзінің жолында қаққан қазықтай қалшып тұрған біреудің сұлбасын көзі шалды. Оның малды өріске шығарып жайып қайтуды сылтаулап, соңғы рет жолын күткен Мәрзия екенін іштей түйсінді. Бірақ көңілі қанша алабұртса да, партия есіне түскенде тізгінін жиілап, жолдан кілт бұрылып, аттың басын жолсызға бұрғаны да есте. Міне, содан қайтып Мәрзияны көріп отырғаны осы. Осы оқиға есіне түскені сол еді, Мәрзияға қарай түйіліп келе

жатқан ол әйелге жетіп баруға дәті шыдамай, тайсақтап бұрыла берді.

Содан бастап Әліп әлгі ойдың шырмауынан шыға алмады. Байғұс Мәрзия-ай, әлі күнге біреудің босағасын сағалап жүр екен-ау. Шіркін-ай, өзі айтқандай, бір шарана көрсе, соны алданыш етіп отырар еді-ау. Қап... Құдайым-ау, осы әйелдің көз жасы ұрды ма, бүгінде бұның өз халі де жетісіп тұрған жоқ. Әйелі қанша құрсақ көтерсе де, соның бірде-бірі тұрмады. Сол-ақ екен, Әліпке мына дүниенің бәрі мәнсіз-мағынасыз көрінгені сондай, өзінің дәл осылайша әлекке түсіп жүргені үшін ұялған. Мұның бәрі не үшін керек, кім үшін керек. Бұл да баяғы партияға адал болу тәрізді әсіре ойдың әлегі шығар. Әліп қайтадан сахнаға шыққан кезінде де осы ойдан арыла алмады. Ішінде қыз-қыз қайнап жатқан от сөніп, әйтеуір тірі қуыршақтай, жаттап алған сөзін айтып жүргені есінде. Ал Мәрзияның ширап, текстен ауытқымай, өз рөлін тәп-тәуір алып жүргенін ішкі бір түйсікпен сезінген. Бұдан әрі шыдай алмады. Джульетта өзіне-өзі қол салып, “өліп” жатқан тұста, “Мәрзия, кешір мені, сен ойлағандай мен есті адам емес, есер екенмін. Сонымды енді ұқтым”, — деп еңкілдей жылап қоя берген. Ауылдың у-шуы басым сахнасында сөзге кім мән беріп жатыр. Бұл сөз де жұрт көңіліне жете қоймаған тәрізді. Әліп оған да қуанбады. Бар назары серейіп жатқан Мәрзияда. Әлгі сөзге кірпік қағып болса да естіген, сезген, кешкен рай танытар деп күткен.

Спектакль аяқталған сәттегі жұрт ықыласы Әліп арманынан да асып түсті. Көпке дейін дуылдата қол соғып тұрып алды. Әкім ортаға шығып, ризалығын білдірді. Шетелден келген қонақтар да ортаға шығып, мұндай спектакльді бұрын-соңды көрмегенін айтып, осы топты сонау мұхиттың ар жағына келіп, өнер көрсетуге шақырды. Облыстық телеарнадан келген журналист жігіттер әкімді сөйлетіп, осы спектакль туралы ой айтқызды. Бірақ осындай бір өзгеше көңіл өсірер сәтті өмір бойы армандаған Әліп қуана алмады. “Әйел — киелі халық. Оның киесі өзін қорлаған еркекті бір атпай кетпейді. Менің көзім осыған жетті” — деген аузы дуалы адамның пікірін бір жерден оқығаны бар еді. Сол сөз дамылсыз тамған тамшыдай миына тырс-тырс етіп тамып жатқандай.

## КӘМИЛА

Алатаудың арғы бетіндегі аядай ауылға іссапармен барған кезімде сол жерден Кәмиланы кездестірем деп еш ойламаған едім. Кездестіркем түгілі, оның бұл дүниеде бар екенін де ұмытып кеткен екенмін. Шынымды айтсам, бұл жүздесу маған бастапқыда бір аянышты әсер сыйлаған сияқты еді, ал кейіннен, ой қорыта келе Кәмиламен жүздесу арқылы тек қазақ әйеліне ғана тән төзімнің, ана сүтімен бойға бітетін көнбіс мінездің куәсі болғанымды түсіндім.

Біздің елдің адамдары бұл ауылды әдетте күнгеі деп атайды. Ал екі араны сұлбай бөліп жатқан Суықтөбе тауының бергі жағын, яғни біздің ауылды олар керісінше теріскей дейді. Бұрындары екі ауылдың адамдары бір-біріне тау асып, тас басып барып-келіп жататын. Тіпті өзімнің де бала кезімде ата-анам ілесіп, бірер мәрте осы ауылда болғаным да бар. Көлік түрі көбейген соң жол ұзара түсті ме, жоқ әлде тіршілік қамы тізгінді тартты ма, әйтеуір екі арадағы қарым-қатынас соңғы жылдары сирексініп кеткенін білетінмін. Енді міне, арада соншама жыл өтсе де осы аядай ауылдан менің ата-анамды танитын адамдар да табыла кеткенін қараңызшы. Дәм үстінде жөн сұраса келе олар лезде-ақ менің сүйегімнің кім екенін анықтап та алды. Тіпті қайсыбірі әлдеқандай ілік-шалысы бар жекжат та болып шықты. Осылайша у-думен отырған сәтте есіктен именс басып кірген жас әйел көзіме оттай басылған. Бар дүниені ұмытып әлгі әйелге аңтарыла қарап қалғанымды өзім де аңғармаппын. Мен ғана емес-ау, маңағы ырду-дырду әңгіме үстінде отырғандардың бәрі де жас келіншектен көз алмайды. Сұқтана қарауымыздың да өз жөні бар, әлгі әйелдің қазақи биязылықпен астасқан ажары ерекше екен. Шіркін, аядай ауылда да мұндай перизат бар екен-ау деймін өз-өзіме. Әйел өзінің соншалықты мінсіз жаратылған жан екенін мүлдем білмейтін сияқты, қалала қараған сансыз жанарлардан тайсақтай, сәлемдесудің ишарасын жасаған күйі қысыла-қымтырыла босаға жақтағы бос орынның біріне жайғасуға асыққан. Козлі арбаған бейне жұрт тасасына жасырынған сәтте барып, үй ішіне қайтадан жанданыс кірді. Әйтсе де әлгіндегі кеу-кеу әңгімені ешкім жалғап әкете қойған жоқ. Маған сол сәтте жұрттың бәрі тек әлгі жас әйел жайлы ғана ойлап отырғандай көрінді. Ал өзім болсам, оның тостағандай нұрлы жанарын көз алдыма елестете, “ажарың анық екен атқан

таңдай” деген өлең жолдары тап осындай хаса сұлуға арнап айтылған-ау шамасы деп іштей тамсанамын. Айтса айтқандай-ақ, әлгі келіншектің күнге тотыққан тобылғы жүзі, албыраған алқызыл ерні, тіп-тік тұлғасы қандай әсем еді. Әлгінде ғана бір-біріне дес бермей жатқан жұрттың неге есенгіреп отырғанын ол қайдан білсін, әлденеге кінәлі жандай төменшектей иіліп, көзін жерден көтермейді. Неге екенін қайдам, жұрт тасасына тығылған әлгі әйелге менің қарай бергім келеді. Бұлт арасына жасырынған ай сияқты, оның жүзі кейбіреу дастарханнан дәм алуға еңкейген сәтте ғана қылаң беріп қалғаны болмаса емін-еркін көз тойдырудың сәті түспей-ақ қойды. Қанша дегенмен затым әйел ғой, сол қас-қағымда-ақ оның тұла бойында қолдан қосымша әрлеудің ізі де жоқ екенін байқап үлгердім. Өзін сырттай бақылап отырған көз барын сезіне ме, ол да амалсыздан қол жалғап, кесе әперген сәтте ғана болмаса еңсесін тіктер емес. Байқаймын, бұл сұлу әйелдің жорта бөлденуі, тіпті әлдекімнен қымсынуы да емес, ішкі бір жадап-жүдеудің әсері сияқты. Бірер мәрте көзіміз түйсе кеткенде де кісіге ойлана қарайтын жанарында мұң тұнып тұрғандай көрінген. Сұлу адамдарды көбіне өмірге еркелеу үшін жаралғандай көретініміз бар ғой, сондықтан шығар, мына жас келіншектің өзін төменшіктей ұстауы қалай дегендей дал болып отыр едім, ойымды сырттан кірген үй иесі бұзды.

— Мына бала сізге жолыққалы келіпті — деді ол. Бұл сөзді маған қарата айтқан секілді. Ал Кәмила дегені әлгі жас әйел болды ғой. Сонда бұл келіншек маған нендей шаруамен келді екен деп өзімше долбар жасап та үлгермедім, үй иесі ойымды тағы да бөліп жіберді.

— Кәмила, шырағым-ау, неғып отырсың, келген шаруанды өз аузыңмен айтсаңшы — деді ол тағы іле-шала.

Мына сөзден кейін келіншек жанарын маған тіктей бірнәрсе деуге ыңғайланғандай болып еді, бірақ сөзді неден бастарын білмеді ме, тіл қатар емес. Әйтсе де екі көзі менде.

Тоқта, тоқта мына нәркес козді мен қайдан көріп едім, апырау, мына әйелдің түрі де маған бұрыннан таныс секілді ғой деген ой осы сәт жан-дүниемді аралап кете барды. Көз алдыма Шынар жеңешемнің бейнесі келгені сол екен, бәрі де ап-айқын бола кетті. Ау, бұл Кәмила дегенің сол кісінің қызы болды ғой. Иә, жеңешемнің жанары да осындай

нұрлы еді. Апыр-ау, Кәмиланы осындай әдемі әйел болады деп кім ойлаған.

— Осы сен Шынар жеңешемнің қызы емессің бе. — дедім оған ойымды орнықтыра түскім келгендей. Ол алма жүзіне сәл-пәл күлкі үйіріп, иә дегендей үнсіз басын изеді.

— Жүр, есік алдына шығалық. — Осы сөзді күгін отыр екен, Кәмила да лып ете түсті. Әлгіндегідей емес, онаша шыққан соң ол мүлдем жайнап кетті.

— Мен сізді ұмытып қалған шығар десем, — деді ол маған еркелей тіл қатып.

— Өзің қалай ұмытпай жүргенсің? Менің осы ауылға келгенімді қайдан білдің? — деп мен де оны бастырмалата сұрақтың астына алып жатырмын.

— Аядай ауылда сөз жата ма, жұрттан естідім, — деген ол енді елдегі ағайындардың жай-күйін білуге асықты.

Оны қайдам, әңгіме үстінде өз басым қиялға бөгіп, Кәмиланы көз алдыма басқаша елестетумен әлекпін. Шіркін, мынау бояуы оңған лыпаның орнына соңғы үлгімен тігілген көйлек кесе, тоқпақтай бұрымын сәнден тараса, мына Кәмиланың қасында әлем аруы атанған қыздардың өзі де көзге қораш көрінер еді-ау деймін. Осы ойымның әсері ме, әңгімем де сұйылып кеткен сияқты, соны байқаған Кәмила мені асығып түр десе керек, жолымнан бөгегісі келмеген ыңғай танытып, кешке қарай жолығысуды жөн көрген.

— Көз алдымызда өскен бала ғой, ханға лайық қарағым еді..., — деді сонау жерде тұрған үй иесі Кәмиланы көзімен ұзатып тұрып.

Бұл сөзіңізбен не айтпақсыз дегендей қадала қарасам керек, әлгі кісі біржола Кәмила жайына ауысты. Одан ұққаным, жасөспірім Кәмиланы кезінде осы ауылдың тентектеу жігіті алып қашып кетіпті. Қазір содан екі баласы бар екен. Бірақ әлгі күйеу шіркін тентек суға үйірсектен алыпты. Бір үйде әйелден басқа бас көтерер ешкім болмаған соң, тірлік она ма, тұрмысы да жүдеу көрінеді. Бірақ Кәмила ешкімге алақан жаймай-ақ барын ұқсатып бір үйді ұстап отырған сияқты.

— Күйеуі жайшылықта тәп-тәуір-ақ жігіт, ал ұрттан алса, бітті, адам сыйқы жоқ. Соған әлгі баланың қалай шыдайтынына таңым бар. Кәмиланы аяйды ғой, ағайындары күйеуіне жұмыс та тауып берген. Әл-әжен-тәуірім істеп жүреді де, бір күні нілдей бұзылады. — деді ол күйініп.

Осы сәт менің көз алдыма тағы да Шынар жеңешем келді. Ол кісі де өте ажарлы адам болатын. Енді ойласам, мен көрген кездері ол небәрі отыздың маңайындағы жап-жас келіншек екен-ау. Күйеуі сақалы күйектей кәрі шал еді. Сол кісінің ұзақ ауырын, төсек тартып жатқаны да есімде. Біз баламыз ғой, ол кісінің қадір-қасиетін қайдан білейік. Ал үлкендер жағының әлгі кісіге ықыласы бөлек. Содан да шығар, үйінен кісі үзілмейтін. Ең ғажабы, Шынар жеңешемді жұрттың бәрі сырттай мақтап отыратын. Расында да, ауру адам жатқандай емес, қашан барсаң да үй іші кірсе шыққысыз. Бұл жұрттың жаппай жоқ-жұқана кезі, сонда да Шынар жеңешемнің қолы берекелі болатын. Жалғыз сиырдың сүтінен-ақ неше түрлі тағам түрін әзірлеп, дастарханды жайнатып жіберетін. Сол үйге біз сияқты бала-шаға да үйірсектеп, осы кіп-кішкентай Кәмиланы ойнатып жүретінбіз.

\* \* \*

Жеңешемнің күйеуі әлгі науқастан қайтып тұра алмады. Сол кісінің жылын бергеннен кейін бе, әйтеуір Шынар жеңешемнің үйіне ағайын-туғанның тегіс жиналғаны бар. Шамасы, оны бір қайнағасына әменгерлік жолмен қоспақ болды-ау деймін. Бала-шағаны кім елеп жатыр, үлкендермен қабаттаса кірген бізді ешкім қуа қоймаған. Сонда өз күйеуінен де үлкен адамға Шынар жеңешемнің барғысы келмеген шығар — еңкілдеі жылап алды да “Ау, ағайын, біреуді өзің таңда десеңдер мен мына Шырақжанды қолай көріп отырмын. Әйтпесе бала-шағамды бағып, өз алдыма отыра бергенім жөн шығар” дегені де есімде қалыпты. Бұл сөздің ерекше есімде қалуы, ол кісінің Шырақжан деп отырғаны менің әкем болатын. Несін жасырайын, дәп сол кезде Шынар жеңешем бұрынғыдан да жақын бола түседі-ау деп қуанып та қалып едім. Бекер обалы не керек, дәл сол кезде менің шешем де абысынын жақтап, “Е, несі бар, екі үйлі жан бір тірлік жасармыз. Мына алманың сабағындай екі бала жетім оспесін” — деп ара түсіп-ақ еді, бірақ әлі де ұрпақ сүйісем деген үмітін үзбеген жамағайын ағасының көңіліне қарады ма, әкем үнеіз қалды. Бұл әңгіменің қалай аяқталғаны дәл қазір есімде жоқ, әйтеуір Шынар жеңешем ел ішінде, өз үйінде отыра берді. Остіп жүргенде бір күнде-ақ олап көз жазып қалдық. Сойтсек, төркіні жағынан бір туыстары келіп, бір түнде қояр да қоймай қосырып әкеткен көрінеді.

Міне, содан қайтып Кәмиланы көріп отырғаным осы. Рас, Шынар жеңешемнің біз есейе бастаған тұста ауылына келгені бар. Құдай-ау, жеңешемді осыншама өзгеріп кетті деп кім ойлаған. Қапелімде бетімнен сүйген әйелді бұл кісі кім болды екен деп есіме түсіре алар емеспін. Сөйтіп тұрғанда далаға апам шыға келді де, ексеуі құшақ айқастырып, сағыныш жасын төкті-ау дейсің. Апамның сөзінен кейін әлгі әйелдің Шынар жеңешем екенін естісем де, сенер-сенбесімді білмей мен тұрмын. Әрі тайып, ақ қайыңдай тұлғасы да еңкіш тартыпты. Сәл-пәл тынысын алғаннан кейін ол: “Келін-ау, бастан талай дүние өтті ғой, осы ауылдан көше қоятын жөнім жоқ еді. Әлгі інілерім бой бермеген соң, амалым қалмады. Сөйтсем, олардың да көздеген ойы бар екен. Жарылқағаны сол, бір шалға ұзатып тынды. Байға тию менің не теңім, бала-шағам бар, отыра беремін деп едім, көнбеді. Е, еркек бала басқа жұртқа сіңбейді екен, Жетпіс осы жаққа кетіпті деп естіп, ізлеп шықтым” — деп еді, сол кездегі адамдардың бір-біріне деген бауырмалдығы өзгеше ме, әйтеуір әлгі сөзден кейін апам тіпті ышқынып кетті. “Әй, ақ жеңеше, не деп отырсың. Жетпістің осы жаққа кеткені қалай, қашан шығып еді? — деді ол жеңешеме сұраулы жүзбен қадала қараған күйі.

Сонда ғана Жетпістің бұл ауылға келмегеніне көзі жеткен жеңешем енді қайттым дегендей, ышқына екі бетін жыртып-жыртып жіберді. Жылаудың көкесі енді басталды. Жеңешемнің өксік аралас сөзінен ұққанымыз, осыдан бір жетідей бұрын Жетпіс осылай қарай анасына айтпай үйден шығып кетіпті.

— Е, Алла, осыдан құлыным аман-есен болса, оны ел-жұртына қоссам, екі дүниеде арманым жоқ — дейді көз жасын көлдеткен Шынар жеңешем.

— Жә, дұрыстап айтшы, осылай қарай кеткені рас па? — Бір топ ауыл әйелдері оған бір айтқан сөзін қайта-қайта айтқызып өлек.

— Өткенде ексеуіміз шөп шабуға бардық. Сонда балам “Ана біздің ауыл осы таудың арғы бетінде ме”, деп сұрапты. Жүзіне қарасам ойы тым-тым алыста сияқты. Оның не ойлап тұрғанын қайдан білейін, осы ауыл жағын өңгімелеп те бердім емес пе. Соның бәрін үн-түңсіз тыңдаған ол тағы да “Осылай қарай жүре берген кісі түбі бір сол ауылға жете ме?” — десін. Бұл сөзінен де секем ала қоймалым. Содан кеш қайта үйге келдік. Таңертең тұрсам, бала орнында жоқ. Е, ойнап жүрген шығар дегем, ел орынға отыра бере де